

**2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы және Шымкент қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 196 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 сәуірде № 92 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіп кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген), Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) 2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Шымкент қаласы әкімдігінің 21.09.2020 № 583 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Шымкент қаласы әкімдігінің кейбір қаулылары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмесін Шымкент қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары М.Исаховқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

қала әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "1" сәуірдегі  
№ 196 қаулысына 1- қосымша

## 2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Шымкент қаласы әкімдігінің 10.12.2020 № 782 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия соммасы, теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	982	9 820 000
1.2	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	с а т ы п алынған бас	150 000	153	22 950 000
1.3	Шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу	с а т ы п алынған бас	150 000	300	45 000 000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
1.1	Отандық	с а т ы п алынған бас	200 000	33	6 600 000
1.2	Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	с а т ы п алынған бас	400 000	35	14 000 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	с а т ы п алынған бас	60	256 660	15 399 600
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы		4 000	3 975	15 900 000

1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	б а с / шағылысу	2 500	17 600	44 000 000
1.3	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	маусымы	15 000	5 021	75 315 000
<b>Шошқа шаруашылығы</b>					
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	б а с / шағылысу маусымы	40 000	538	21 520 000
Барлығы					270 504 600
<b>Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері</b>					
<b>Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы</b>					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	400 000	80 000 000
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>					
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
1.1	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе	20	2 150 000	43 000 000
1.2	Ауыл шаруашылығы кооперативі	өңделген килограмм	20	1 300 000	26 000 000
<b>Жұмыртқалы құс шаруашылығы</b>					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:				
1.1	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	1,1	64 569 806	71 026 787
1.2	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1	26 000 000	26 000 000
<b>Етті құс шаруашылығы</b>					
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату:				
1.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	906 005	45 300 250
Барлығы					291 327 037

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "1" сәуірдегі  
№ 196 қаулысына 1-1 қосымша

**Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері**

Ескерту. Қаулы 1-1-қосымшамен толықтырылды – Шымкент қаласы әкімдігінің 21.09.2020 № 583 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).; жаңа редакцияда – Шымкент қаласы әкімдігінің 10.12.2020 № 782 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия соммасы, теңге
1.	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
1.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	30 000	6 315	189 476 885
1.2	Ұсақ малдың аналық басы		5 000	24 023	120 115 000
1.3	Жылқының аналық басы		20 000	651	13 020 000
Барлығы					322 611 885

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "1" сәуірдегі  
№ 196 қаулысына 3-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – Шымкент қаласы әкімдігінің 10.12.2020 № 782 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

## **Шымкент қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізімі**

1. Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 305 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 19 сәуірде жарияланған) қаулысы;

2. Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № 894 "Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 305 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 71 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкінде 2019 жылғы 27 қарашада жарияланған) қаулысы;

3. Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 980 "Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 305 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 79 болып тіркелген,

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкінде  
2019 жылғы 24 желтоқсанда жарияланған) қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ